

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №3	11 беттің 1-сі



УЕ-02-03-02
ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАР МЕН ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БАСЫЛЫМДАРДЫҢ
АВТОРЛАРЫН МАРАПАТТАУ ЕРЕЖЕСІ

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №3	11 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕН:

Ғылыми зерттеу орталығының басшысы



А. Умирбекова
«02» 09 2025 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор



Л. Шалабаева
«02» 09 2025 ж.

Аппарат басшысы



Т. Искаков
«02» 09 2025 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы



Д. Бейсембаева
«02» 09 2025 ж.

Әкімшілік бөлімінің басшысы



К. Тубеков
«02» 09 2025 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы (заңгер)



Е. Тасов
«02» 09 2025 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы



А. Сейткулова
«02» 09 2025 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №3	11 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Негізгі ұғымдар, терминдер және анықтамалар	4
4	Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5	Жалпы ережелер	5
6	Халықаралық және отандық баспа жарияланымдарының рәсімделуіне университет тарапынан қойылатын талаптар	5
7	Марапаттауға ұсыным тәртібі мен өтінімдерді қарастыру реті	7
8	Өзгерістерді енгізу тәртібі	7
9	Келісу, сақтау және тарату	7
10	Өзгерістерді тіркеу парағы	9
11	Танысу парағы	10
12	Қосымша 1	
	Өтінім формасы (Үлгі)	11

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №3	11 беттің 4-сі

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Халықаралық туризм және меймандостық университетінің (бұдан әрі – Университет) Ғылыми жарияланымдары мен оқу-әдістемелік басылымдарының авторларын марапаттау ережесі (бұдан әрі – Ереже) Университеттің ғылыми әлеуетін көтеру, ғылыми қызметкерлерінің және профессор-оқытушылық құрамының зерттеу жұмыстарының нәтижелерін республикалық және халықаралық деңгейде таныту, сонымен қатар, Халықаралық туризм және меймандостық университетінің Даму бағдарламасына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапалық және сандық көрсеткішін арттыру үшін әзірленген.

1.2 Ереженің мақсаты – туризм мен жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар салаларында ғылым мен өндірістің өзара тығыз байланысын дамыту, ғылыми білім мен практикалық дағдыларды біріктіру арқылы туристік саланың тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру, туризмнің қоғам мен қоршаған ортаға әсеріне байланысты өзекті мәселелерді жан-жақты зерттеу және шешу, сондай-ақ қызметкерлер мен профессор-оқытушы құрамның зерттеу нәтижелерін жоғары импакт-факторлы халықаралық журналдар мен отандық ғылыми басылымдарда жариялауға ынталандыру.

1.3 Ереженің міндеті – ғылыми қызметкерлер мен профессор-оқытушылардың жариялаған ғылыми еңбектері үшін сыйақы беруді көздеу, осы арқылы авторларды ынталандыру, жоғары импакт-факторлы халықаралық журналдар және отандық басылымдарда жарияланатын ғылыми мақалалардың сапасы мен санын арттыру, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін республикалық және халықаралық ғылыми кеңістікке интеграциялау.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы (толықтырулар мен өзгерістерімен);

2.2 «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ;

2.3 Университеттің Академиялық саясаты.

3. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР, ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Халықаралық ғылыми базалар – бұл әлемдік ғалымдардың ғылыми мақалалары, зерттеулері, журналдары және конференция материалдары жинақталған ақпараттық деректер қорлары.

Scopus (Elsevier) – әлемдегі ең ірі реферативтік деректер базасы.

Web of Science (Clarivate) – жоғары импакт-факторлы журналдарды қамтиды.

Оқулық – оқу пәнін, оның бөлімін, оқу бағдарламасына сәйкес келетін және оқу әдебиетінің осы түрі ретінде ресми бекітілген бөлігін жүйелі түрде баяндайтын оқу басылымы.

Оқу құралы – оқу бағдарламаларына сәйкес келетін мәселелерді практикалық қолдана отырып, оқу әдебиеттерінің түрі ретінде ресми түрде бекітілген оқулықты ішінара толығымен толықтыратын немесе алмастыратын, баяндалған материалы нақты оқу басылымы.

Баспа табак – бұл полиграфиялық өлшем бірлігі, көбінесе ғылыми, оқу немесе әдеби еңбектердің көлемін есептеу үшін қолданылады. 1 баспа табак 16 бет баспа мәтініне тең

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Осы Ереже Университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланады және бекітіледі.

4.2 Ғылыми жарияланымдары мен оқу-әдістемелік басылымдарының авторларын марапаттау ережесі Университеттің нормативтік ережелері мен актілеріне сәйкес профессор-оқытушы құрамының жариялаған ғылыми еңбектері үшін сыйақы беруді дұрыс жүргізу үшін пайдалануға рұқсат етіледі

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №3	11 беттің 5-сі

4.3 Осы Ереже негізінде Ғылыми жарияланымдары мен оқу-әдістемелік басылымдарының авторларын марапаттауға Ғылыми зерттеу орталығы жауапты.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 «Халықаралық туризм және меймандостық университетінің 2023–2029 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына» сәйкес ғылыми жарияланымдарды, оқулықтар мен оқу-әдістемелік басылымдарды дайындау және басып шығару жұмыстары жүргізіледі.

5.2 Мектеп директоры профессор-оқытушы құрамымен бірлесіп оқу үдерісін мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде қажетті оқулықтармен және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету деңгейіне талдау жүргізеді.

5.3 Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша мектеп директорлары индикативтік жоспарға ғылыми жарияланымдардың, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың сандық көрсеткіштерін енгізіп, бекітеді.

5.4 Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау Университетте белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

5.5 Ғылым және жоғары білім министрлігі, Туризм және спорт министрлігі, сондай-ақ Университет қаржыландыратын жобалар шеңберінде жарияланған ғылыми еңбектер марапаттауға жатпайды.

6. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ БАСПА ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНЫҢ РӘСІМДЕЛУІНЕ УНИВЕРСИТЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Халықаралық ғылыми базаларда (Clarivate Analytics: *Web of Science*, Elsevier: *Scopus*) индекстелетін ғылыми журналдарда жарияланған процентиль көрсеткіші 50-ден төмен емес әрбір ғылыми мақала (Article) үшін бірінші авторға және хат-хабар алмасу авторға (бірнеше хат-хабар алмасу авторы болған жағдайда өз ара теңдей бөлінеді) төменде көрсетілген мөлшерде ынталандыру сыйақысы төленеді:

Жаратылыстану ғылымдары бағыты үшін:

Индекс атауы	Сыйақы (теңгемен)	
	180 000	120 000
Journal Citation Reports (Clarivate Analytics)	1 квартиль (Q1)	2 квартиль (Q2)
CiteScore (Scopus)	Процентиль (99-75)%	Процентиль (74-50)%

Әлеуметтік және Гуманитарлық ғылымдары бағыты үшін:

Индекс атауы	Сыйақы (теңгемен)	
	300 000	240 000
Journal Citation Reports (Clarivate Analytics)	1 квартиль (Q1)	2 квартиль (Q2)
CiteScore (Scopus)	Процентиль (99-75)%	Процентиль (74-50)%

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №3	11 беттің 6-сі

6.2 Туризм бағыты бойынша халықаралық ғылыми базаларда (Clarivate Analytics: *Web of Science*, Elsevier: *Scopus*) индекстелетін ғылыми журналдарда жарияланған, процентиль көрсеткіші 35-тен төмен емес әрбір ғылыми мақала (Article) үшін бірінші автор мен хат-хабар алмасу авторға (бірнеше хат-хабар алмасу авторы болған жағдайда өз ара теңдей бөлінеді) төменде көрсетілген мөлшерде ынталандыру сыйақысы төленеді:

Индекс атауы	Сыйақы (теңгемен)		
	400 000	350 000	300 000
Journal Citation Reports (Clarivate Analytics)	1 квартиль (Q1)	2 квартиль (Q2)	3 квартиль (Q3)
CiteScore (Scopus)	Процентиль (99-75)%	Процентиль (74-50)%	Процентиль (50-25)%

6.3 Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен шығарылған оқу-әдістемелік еңбектердің бірінші авторына төменде көрсетілген мөлшерде ынталандыру сыйақысы төленеді:

Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бағыты үшін:

Атауы	Сыйақы (теңгемен)
Оқу құралы (РОӘК шешімімен)	100 000
Оқулық (РОӘК шешімімен)	100 000

Туризм саласы үшін:

Атауы	Сыйақы (теңгемен)
Оқу құралы (РОӘК шешімімен)	150 000
Оқулық (РОӘК шешімімен)	150 000

6.4 Автор өз мақаласында «Bulletin of the International University of Tourism and Hospitality» ғылыми журналына сілтеме жасағаны үшін төменде көрсетілген мөлшерде ынталандыру сыйақысы төленеді:

Индекс атауы	Сыйақы жарияланған мақаланың құнынан пайыздық мөлшерде есептеліп төленеді
Journal Citation Reports (Clarivate Analytics)	20 %
CiteScore (Scopus)	20 %
Уәкілетті орган ұсынатын басылымдар	10 %

6.5 Ғылыми жарияланымдар мен Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған басылымдардың талаптарға сай жарияланғаны туралы ақпарат Ғылыми-зерттеу орталығы мамандарымен бірге анықталады және марапаттау үшін келесідей талаптар қойылады:

6.5.1 Марапаттау сыйақысын алу үшін ұсынылған ғылыми мақала немесе оқу-әдістемелік басылым ағымдағы жылдың 01 қаңтары мен 31 желтоқсаны аралығында жарияланған болуы қажет;

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №3	11 беттің 7-сі

6.5.2 Мақала немесе оқу-әдістемелік басылым авторы аталған еңбектерді жариялаған уақытта Университетте қызметте болған жағдайда ғана қарастырылады;

6.5.3 Мақала немесе оқу-әдістемелік басылымда Университеттің толық атауы үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрсетілуі міндетті

- қазақша: «Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан, Қазақстан»;
- орысша: «Международный университет туризма и гостеприимства, Туркестан, Казахстан»;
- ағылшынша: «International University Of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan».

Аталған шарттардың барлығы сақталған жағдайда ғана марапаттау сыйақысы рәсімделеді.

6.6 Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы мақалалар тек «Article» түрінде болуы тиіс және көрсетілген ғылыми базалардағы журналдың тақырыптық бағытына сәйкес келуі қажет. Journal Citation Reports (Web of Science) бойынша квинтиль көрсеткіші немесе Scopus базасындағы CiteScore процентиلى мақаланың жарияланған жылына сәйкес деректер базасынан алынуы тиіс. Егер Scopus және/немесе Web of Science базасында халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдың индексациясы құқық бұзушылықтарға байланысты тоқтатылған болса, онда осы журналда жарияланған барлық мақалалар марапаттауға жатпайды.

6.6 Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған оқу (оқу-әдістемелік) құралы немесе оқулықтың көлемі кемінде 6 (алты) баспа табақ болуы тиіс.

7. МАРАПАТТАУҒА ҰСЫНЫМ ТӘРТІБІ МЕН ӨТІНІМДЕРДІ ҚАРАСТЫРУ РЕТІ

7.1 Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың нәтижесінде марапатқа ие болу үшін өтінім беруші ретінде Университеттің кез-келген қызметкері немесе профессор-оқытушылар құрамы бола алады.

7.2 Мақала немесе оқу-әдістемелік басылым авторлары Университеттің Басқарма төрағасы – Ректорына (бұдан әрі – Ректор) жазбаша өтініш негізінде марапаттауға ұсынылады. Өтінім үлгісі қосымшада берілген (*Қосымша 1*) және/немесе мақала көшірмесі немесе оқу-әдістемелік басылым қоса тіркелуі қажет.

7.3 Өтінімдерді қабылдау, талдау және рәсімдеуге жауапты құрылым – Ғылыми-зерттеу орталығы. Орталық қызметкерлері Ереженің 6.1, 6.2 және 6.3-баптарындағы талаптардың орындалуын тексеріп, Ректордың атына қызметтік хат негізінде өтінімді ұсынады. Өтінімде келесі құжаттар болуы қажет:

7.3.1 Өтінім (автордан);

7.3.2 Мақала көшірмесі (1 дана), оқу-әдістемелік басылым (1 дана);

7.3.3 Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор (бұдан әрі – Вице-ректор) тарапынан марапаттауға ұсыну туралы қызметтік хат.

7.4 Марапаттауға ұсынылатын өтінім құжаттары университет Ректорына жылына 1 рет, яғни әр жылдың қаңтар айына дейін ұсынылады.

7.5 Марапатталушылар осы Ереженің талаптарын орындамаған жағдайда Вице-ректор тарапынан авторларға ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

7.6 Мақала мен оқу-әдістемелік басылым мазмұны сараптауға алынбайды, яғни, марапаттауға ұсынуға кедергі бола алмайды.

7.7 Мақала және оқу-әдістемелік басылымдар авторларын марапаттауға рұқсат берілген жағдайда, сыйақы «Ғылыми қызметкерлер күніне» орай тиісті бұйрыққа сәйкес төленеді.

8. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Вице-ректордың ұсынысы негізінде Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімімен енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №3	11 беттің 8-сі

8.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

9. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Осы Ереже Университеттің Ректоры бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

9.2 Ережені әзірлеу және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылыми-зерттеу орталығына жүктеледі.

9.3 Осы бекітілген Ереженің жұмыс данасы Ғылыми зерттеу орталығында, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беріледі.

9.4 Ереженің көшірмесі қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №3	11 беттің 10-сі

11. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесі		УЕ-02-03-02
Бекітілген 02.09.2025 ж.	Басылым №3	11 беттің 11-сі

Қосымша 1

Өтінім формасы (Үлгі)

«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректор
А. Шокпаровқа

Өтініш несінің аты-жөні, тегі,
мектептегі немесе бөлімдегі қызметі

Өтініш

Ғылыми жарияланымдар мен оқу-әдістемелік басылымдардың авторларын марапаттау ережесіне сәйкес *ғылыми жарияланым немесе оқу-әдістемелік басылым* (авторлары, атауы көрсетілу керек) авторына берілетін ынталандыру сыйақысын төлеуіңізді сұраймын.

Ереженің барлық талаптары орындалғандығына кепілдік беремін.

Қосымшада қажетті құжаттар тіркелген.

Өтініш несінің
аты-жөні, тегі

қолы

күні